

¹Жомарт Е.  ²Azmukhanova A.M. 

¹ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹silas.kaz.3@mail.ru, ²aimanazmukhanova@gmail.ru

ЖӘДИДТІК АҒARTУ ҚOЗҒАЛЫCЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МИССИЯCЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы мұсылман түркі халықтары арасында пайда болған жәдидшілдік қозғалысының мәні, мақсаты және Қазақстандағы ықпалы жан-жақты талданады. Жәдидшілдік – дәстүрлі исламдық білім беруді заман талабына сай жаңартып, ғылым мен ағартушылықты дамыту арқылы ұлттық сана-сезімді оятуды көздеген діни-мәдени, саяси-ағартушылық қозғалыс ретінде сипатталады. Жұмыстың басты мақсаты – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтары арасында пайда болған жәдидшілдік қозғалысының тарихи маңызын, оның қазақ жеріне таралу ерекшеліктерін, Алаш зиялылары арқылы дамуын, ағартушылықтағы рөлін, отарлық саясатқа қарсы рухани қарсылық сипатын жан-жақты талдау. Зерттеу әдістері – тарихи-әлеуметтік және мәдениеттанулық талдау әдісі. Ғылымаралық байланыс: педагогика, философия, саясаттану, әдебиеттану салаларымен ұштастыру. Салыстырмалы талдау: түрлі ғалымдардың (Қазақстан, Ресей, Түркия, Еуропа, АҚШ) зерттеулеріне сүйену. Мұрағаттық және дерекнамалық әдіс: жәдидшілердің жазбалары, баспасөз материалдары (Айқап, Қазақ), кеңес дәуіріндегі шектеулерді талдау. Зерттеу жаңалығы – жәдидшілдік қозғалысының қазақ топырағында таралуының екі кезеңге бөлінуі (1890–1911, 1911–1920). Абайдың рухани- педагогикалық идеяларының жәдидшілдікпен сабақтастығы анық көрсетілген. Қазақ ағартушылығының тек еуропалық үлгілерден емес, ұлттық болмыстан шыққаны дәлелденіп, ислам мен модернизацияның үндестігі көрініс тапқан. Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту қызметінің жәдидтік параллелі ретінде қарастырылуы. Міндеттерге жәдидшілдіктің тарихи пайда болу себептерін ашу; Исмаил Гаспринскийдің ағартушылық қызметі мен идеясын сипаттау; Қазақ даласындағы жәдидшілдік қозғалысының таралу кезеңдерін анықтау; Алаш қайраткерлерінің бұл қозғалысты дамытудағы рөлін көрсету; Жәдид мектептерінің ерекшелігі мен олардың ағартушылықтағы маңызын талдау; Қазақ ағартушылығы мен отарлық саясат арасындағы қарым-қатынасты ашу; Қазақ ағартушы тұлғаларының (Абай, Ыбырай, Шоқан) еңбектерін жәдидшілдікпен сабақтастыру. Зерттеудің нәтижелерінде жәдидшілдік – түркі халықтарының рухани жаңғыруының негізі екені дәлелденді. Бұл қозғалыстың отарлық саясатқа қарсы білім мен ағарту арқылы қарсылық болғаны айқындалды. Қазақ жәдидшілдігі Алаш зиялылары арқылы ұлттық жаңғыруға алып келген қозғалыс ретінде танылды. Абай, Ыбырай, Шоқан сынды ағартушылардың жәдидтік идеялармен рухани үндестігі көрсетілді. Жәдид мектептері мен әдістемелерінің қазіргі білім беру идеяларына әсері көрсетілді.

Кілт сөздер: қазақ, алаш арыстары, оқу-ағарту, жәдидшілдік, мектеп, медресе, білім.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман түркі жұртын отарлық езгіден құтқаратын ең ұтымды жол – жәдидтік оқу-ағарту еді. Жәдидшілдік – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясы құрамындағы мұсылман түркі халықтарының арасында пайда болған діни-ағартушылық және әлгеуметтік-саяси қозғалыс. Ұлт зиялылары жәдидтік білім беру жолын ұтымды пайдаланды. Олар жәдидшілдікті тез әрі

жүйелі түрде насихаттап, жаңаша білім беретін мектептер құрды. Жәдидизмнің негізін қалаушылар дәстүрлі исламдық білім беруді жаңарту, заманауи білім мен ғылымды енгізу, мәдени өркендеуге жол ашу идеясын алға тартты. Оның негізгі мақсаты – ислам дінін заманауи ғылым-біліммен ұштастыру, халықты надандықтан арылту және ұлттық сана-сезімді ояту болды. Жәдидтік мектептерден түлеп ұшқан дарынды жастар ұлты үшін ұлы істердің бастамашысы әрі жаршысы болды.

Жәдидшілдік Кеңестік (1920-1980 ж.ж.) идеология тұрғысынан буржуазиялық ұлтшыл қозғалыс ретінде сипатталып, көбінесе теріс бағаланды. Бұл кезеңде жәдидшілдердің қызметі шектеулі және сын көзқараспен зерттелді. Тарихи деректер мен мұрағаттар жабық болды. 1980 жылдардан бастап КСРО-дағы жылымық саясат арқасында бұрынғы жабық тақырыптар ашыла бастады. Жәдидшілдікке деген көзқарас өзгеріп, оның прогрессивті және ағартушылық сипаты мойындала түсті. Түркі елдерінде жәдид мұраларын қайта зерттеу басталды. Қазақстан егемендік алған кезден бастап жәдидизм мәселесі тарих, саясаттану, әдебиеттану, мәдениеттану тұрғысынан көпқырлы зерттеліп келеді. Қазақстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстан және Түркия зерттеушілері бұл тақырыпқа белсенді түрде үлес қосуда. Жәдид қайраткерлерінің еңбектері жарияланып, оқу бағдарламаларына енгізіліп жатыр. Қазақстанға жәдидизмнің таралуы – бұл тарихи, саяси және мәдени тұрғыдан маңызды құбылыс.

Бұл мақалада жәдидшілдіктің тарихи қалыптасуы, идеялық мазмұны мен қазақ жеріндегі таралуы, сондай-ақ оның Алаш зиялыларының қызметі арқылы даму ерекшеліктері сараланады. Сонымен қатар, жәдид мектептерінің маңызы мен ағартушылық бағыттағы рухани күрестің отарлық саясатқа қарсы ұлттық реакция ретіндегі рөлі талданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жәдидшілдік қазіргі таңда посткеңестік кеңістіктегі ұлттық жаңғыру идеяларын түсіну үшін маңызды зерттеу нысанына айналды. Оның зерттелу деңгейі жылдан жылға артып келеді. Дегенмен, жәдидтердің толық мұрасын саралап, объективті ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу әлі де жалғасуда. Бұл мақалада жәдидшілдік тақырыбы бойынша зерттеу жүргізген Жазира Ошақбаева, Н.А.Байгараев, Қанат Өміртайұлы Купешовтің еңбектері қарастырылды. Сонымен бірге XX ғасырдың басында Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанұлы құрастырған еңбектер пайдаланылды.

Қазақстандағы Алаш қозғалысы мен жәдидшілдік байланысы зерттеу нысанына айналды (мысалы, А. Құдайбергенов, С. Дәуітов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков және басқалардың еңбектері). Ресей, Түркия, Еуропа және АҚШ ғалымдары тарапынан да жәдидшілдікке қызығушылық жоғары. Олардың қатарында Эдвард Лаззери, Дэниел Броуэр, Аделе Ханна сияқты зерттеушілердің еңбектерінде бұл қозғалыс мұсылман модернизмі тұрғысынан қарастырылады. Түркиялық ғалымдар (мысалы, Ахмет Канар, Исмаил Түркеш) түркі әлемінің ортақ жаңғыру процесі аясында жәдидшілдікке баға береді.

Зерттеліп отырған тақырып бойынша шығыстанушылардың, мәдениеттанушылардың, саясаттанушылардың, педагогтардың, философтардың, әлеуметтанушылардың еңбектері, қазақ даласынан түлеп ұшқан ағартушы, ойшылдардың халықтық ағартуы жайлы жинақталған еңбектері қарастырылды. Зерттеудің негізінде әлеуметтік-тарихи, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алынды және тақырып мәселелерін қарастырып таңдауға ғылымаралық байланыс әдісі қолданылды.

Талқылау

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылман халықтары, соның ішінде қазақ халқының жәдидшілдік қозғалысы аясындағы ағартушылық бағытына қатысты зерттеулерге кең көлемді ғылыми-тарихи шолу берілген. Мазмұнды талдау негізінде төмендегідей зерттеулер мен авторлардың

еңбектері пайдаланылды: Исмаил Гаспринскийдің еңбектері — жәдидшілдіктің негізін қалаушы ретінде оның рөлі ерекше атап өтілген. Оның «Мектеп және жәдидшілдік деген не?», «Орыс мұсылмандығы» сияқты еңбектеріне сілтеме жасалып, жәдид мектептерін құрудағы идеялары көрсетілген. Гаспринскийдің идеяларын жалғастырушы ретінде Ш.Маржани, А.Курсави, А.Ибрагимов сияқты тұлғалар аталған. Олардың еңбектері жәдидтік білім берудің діни негіздермен үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Кеңестік және посткеңестік кезеңдегі зерттеулер: КСРО Ғылым академиясының Қазан филиалы дайындаған деректер (мысалы, 1908 жылғы қадымшылар мен жәдидшілер арасындағы қарама-қайшылықтар туралы материалдар) жәдид мектептерінің ресми қабылданбағанын көрсетеді. 1955 жылғы «История Татарской АССР» атты еңбек жәдидтік мектептер мен олардың кеңеюі туралы статистикаға негізделген маңызды дереккөзі ретінде пайдаланылған. Қазақ зиялыларының еңбектеріне жасалған шолу: Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі, оқулықтар мен әліппе жазуы, оқу жүйесіндегі реформалары – қазақ жәдидшілігінің нақты көрінісі ретінде көрсетілген. Оның «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласы жәдидшіл әдіснаманы қолдауын дәлелдейді. Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов – барлығы да жәдидшілдік ағымының қазақ топырағындағы идеялық таралуына ықпал еткен тұлғалар ретінде талданған. Қазақ ағартушыларының тарихи орнына қатысты зерттеулер: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы – жәдидшілдікке дейінгі және оған параллель ағартушылық ой-пікірлердің негізін қалаушылар ретінде қарастырылған. Абайдың «Толық адам» концепциясы, халыққа бағытталған тәрбиелік идеялары жәдидшілдікпен рухани сабақтастықта сипатталады. А.Машановтың Абай мен Ш.Маржани арасындағы идеялық үндестікті зерттеуі – жәдидтік рухани ілімнің қазақ жеріне таралу жолдарын нақтылайды. Баспа ісі мен мерзімді басылымдар арқылы таралған жәдидшілдік: «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті – жәдидшілдікті насихаттап, ұлттық ағартушылық қозғалыстың рупорына айналған басылымдар ретінде аталып өтеді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» кітабынан үзінділер келтіріліп, жәдидтік мектептердің педагогикалық мазмұны мен ескі діни оқыту жүйесіне сын көзқарас көрсетілген. Мақалада пайдаланылған әдебиеттер мен авторлардың еңбектері жәдидшілдікті біржақты ағартушылық қозғалыс ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани, мәдени, саяси оянуымен байланыстырған тарихи және педагогикалық құбылыс ретінде сипаттайды.

Зерттеу нәтижелері

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің отарындағы мұсылман түркі халықтарының алдында үш түрлі жол тұрды. Оның біріншісі, патшалық Ресейге қарсы қарулы көтеріліс жасау. Екіншісі, отарлаушы биліктің айтқанына көніп, айдауына жүру. Үшіншісі, ішкі қарсылықты сыртқа шығармай, халықтың ғылым-білім әлеуетін көтеру арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, Ресейдің басқару ережелері аясында өмір сүру көзделді. Ұлт зиялылары үшінші жолды таңдады. Бұл жол – жәдидшілдікті негіз етіп, оқу-ағарту арқылы халықтың білім деңгейін көтеріп, ұлттық бірлік пен тұтастықты сақтауға апаратын қадам еді.

Жәдидшілдік XIX ғасырдың екінші жартысында жарыққа шықты. Жәдид-и сөзі арабтың «жаңа» деген сөзінен келіп шыққан. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің отарлығындағы түркі халықтары әлемдік педагогикалық тәжірибеге негізделе отырып, түркі мұсылман халықтарының балаларын жаңа жүйемен оқытуды қолға алды. Ағартушылықтың алдыңғы шебінде Исмаил Гаспринский жүрді. Оның басшылығымен Қырымның Бақшасарайындағы Зинджирлы медресесінде жаңаша оқыту үрдісі бастау алады. Бұл оқыту әдісі Ресейдегі түркі мұсылман халықтарына тарады.

XIX ғасырдың соңында жәдидтік қозғалыстар Қырым, Еділ бойы татарларының арасында қалыптасты. Жәдидшілдіктің ірі өкілдері И.Гаспринский, Ш.Маржани, А.Ибрагимов қатарлы тұлғалар болды.

И.Гаспринский отаршылдықтың озбырлығын жан-дүниесімен сезіне отырып, саяси күрес арқылы ұлтқа қызмет етудің мүмкін емес екенін айқын түсінді. Оның ойынша әуелі ұлтты ұйқыдан оятып, мәдени және рухани тұрғыдан көтеру керек. Бұл оқу ағарту саласын жаңарту арқылы ғана жүйеге асатын еді. Еуропаның білім беру жүйесі мен шығыстық дәстүрлі үлгіні таразылай отырып Гаспринский мектеп медреселерде реформалар жасау керек деп шешті. Осылайша ол «тәржімән» газетіне қосымша ретінде жариялаған «Мектеп және жәдидшілдік деген не?» атты кітапшада реформа жасаудың артықшылықтарын көрсетіп берді.

Исмаил Гаспринский Ресейдің ұлы державалық мүддесі мен мұсылмандардың мүддесін тығырықтан алып шығар тұжырым жасайды. «Қай саяси жүйе болсын бір мақсатты көздейді. Ол мемлекет бірлігін күшейту. Оған жетудің екі жолы бар. Бірінші жол – имандылық жолымен бірігу. Бұл – ұлттық ерекшелік, еркіндікпен өзін-өзі билеу принципі негізіндегі иманды, рухани ассимиляция (Гаспринский, 1993: 18-28).

Жәдидшілдер еуропалық саяси ойды, әлеуметтік өзгерістерді жақтағанымен, ислам дінін теріске шығарған жоқ. Керісінше құранды әр ұлттың өз ана тіліне аударып, оның мағынасын түсінуге көп көңіл бөлді.

И.Гаспринский 1881 жылы күн тәртібіне қойған жүйелі жәдид мектебі үкімет тарпынан бірден қолдау тапқан жоқ. Жаңа мектептер стихиялы түрде әрбір жерде жүректі адамдардың бастамасымен және иманды байлардың қаржысымен ашылды. Кеңестер одағы Ғылым академиясы Қазан филиалы Тіл әдебиет және тарих институты әзірлеген көптеген іргелі тарихи зерттеулерде мынындай деректер бар: «1908 жылы 20 тамызда Ішкі істер министрлігінде 12 молдадан арыз хабарлама келіп түскен. Олар жаңа реформаланған мектеп мұғалімдерін елді бұзушы, үкіметке қарсы, қиғаш пікірлі деп айыптап, қызметтерін тоқтатқызуды сұраған.

... Бұл кезде мектеп, медреселердің көбі қадымшылардың қолында еді. 1088 татар мектебінің 61-і ғана жәдид мектебі болатын. Патша үкіметі қадымшыларды қолдады. Осы уақытта Столыпін Халық ағарту министріне жазған хатында: «Қадымшылар мектебіне тоқтау салу – пайдасыз ғана емес, саяси тұрғыдан қауіпті деп көрсетті» (1955: 492-493).

Гаспринский «орыс мұсылмандығы» атты іргелі еңбегінде (1881 ж.) «Ресей қол астындағы ұлттарды езіп, жойып, ешқашан өркениетке жете алмайды, оның ұлы миссиясы – ұлт құлдығын жою дегенге саяды.

XIX ғасырдың соңында мұсылман түркі халықтарының арасына жәдидтік білім беру жүйесі тарала бастады. Оның белді көшбасшысы И.Гаспринский еді. Білім саласында И.Гаспринский жәдидшілдігі – Еділ зиялылары әл-Курсави (Әбді ан-Насыр бин Ибраһим Әбу-н-Насыр әл-Бұлғари, 1776-1812) мен әл-Маржани (Шихаб ад-дин Харин бин Баха ад-дин бин Субхан бин Әбді әл-Кәрім, 1818-1889) еңбектеріне табан тіреген. XIX ғасырдың 90-жылдары Қазандағы Мухаммедия, Маржания, Қасымия, Орынбордағы – Хусайыния, Вятка губерниясындағы – Иж-Буби медреселерінің жаңаша оқыту жөніндегі алғашқы тәжірибелеріне сүйенген ізденістер еді.

Жәдидшілдіктің қазақ даласына келуін және таралуын екі бөлікке бөліп қарастыруға болады. Бірінші, 1890-1911 жылдары – танысу, үйрену, білу, тәжірибе жинау кезеңі. Екіншісі, 1911-1920 жылдары тұтас Қазақ даласында жәдидшілдік идеясы таралып, Алаш арыстарының қолдауына ие болып, ұлттық қозғалысқа айналды. Жәдидшілдік Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының арасына кең таралғанымен, біртұтас саяси қозғалыс болған жоқ, ол оқу-ағарту саласында ортақ жаңашылдық пен дәстүрді ала келді. Жәдидшілдік түркі халықтарының ішінде әртүрлі атпен аталды, мысалы Қазақстанда – Алаш, Өзбекстанда – Жәдидизм, Қырымда – Илли-фирик, Әзірбайжанда – Мусават, Татарстанда – Иттифак әл муслимин қатарлы атаулармен кеңінен өріс алды.

Жәдидшілдіктің екінші кезеңінде, 1911-1920 жылдары жәдидшілдікті насихаттаушы, таратушы тұлғалар М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы қатарлы ұлт зиялылары бар.

Осы кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы қазақша сауаттандыратын әліппе, тіл құралы оқулығын шығарды.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өзінің оқу мен оқыту жайындағы ой пікірлерін алғашында «Айқап» журналында, кейін өзі шығарған «Қазақ» газетінде кеңінен білдіреді. Ол жазу үлгісін араб әліпбиі негізінде түзеп, қазақ ұлтының тілдік ерекшелігіне сәйкестірілген жазуды тұңғыш болып ұсынды. Сондықтан да қазақ даласында И.Гаспринский қалыптастырған жәдидтік үлгіні жүзеге асырған Ахмет Байтұрсынұлы деп білеміз. И.Гаспринский мен А.Байтұрсынұлының бастамасын Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Дулатов, Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Жұмабайұлы, Ж.Әбубәкір, М.Кәшімов сияқты зиялылар бірден дұрыс бағыт деп қабылдады. А.Байтұрсынұлы жаңа заман құндылықтарды игеру барысында қазақтар өздерінің ұлттық мәдени тамырларын, дәстүрлерін, тілін сақтауы керек деп есептеді және қазақ тілін шұбарланудан сақтап, модернизациялады. Ол жәдидшілдікті қолдап «қазақша оқу жайынан» деген мақаласын жариялап, бастауыш сыныпта сабақ беретін мұғалім жаңа әдіспен даярланған болуы керктігін атап өтті және бұл жүйені «фонетика принциптері» деп атады (Байтұрсынұлы, 1992: 432). Ахмет Байтұрсынұлы оқу-ағарту ісіне ерекше көңіл бөліп, жаңашыл (жәдидтік) тәсілмен білім беру идеясын қолдады. А.Байтұрсынұлының көзқарасы бойынша, жаңғыру мен модернизация ұлттық тіл мен дәстүрден айыру емес, қайта оларды сақтай отырып даму болуы тиіс. И.Гаспринскийдің идеясын Байтұрсынұлымен қатар Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Дулатов сынды тұлғалар да қолдады. Бұл – жәдидшілдік қозғалысының қазақ даласындағы кең ауқымды ықпалын білдіреді.

Жәдидшілдіктің бастауы ретінде әл-Маржанидың тұжырымдарының алатын орны бөлек. Оның тұжырымдамалары Қазақстанның әр жеріне кеңінен таралды. Бұл туралы А.Машанов: «Қарқаралы, Семейдегі медреселерде Маржанидың тікелей өзінен тәлім алған адамдар оқытқан. Абай – Семейде Маржани шәкірттерінен оқығандардың бірі. Абай еңбектерінде Маржанидың қозғаған мәселелері көп кездесетіні осыдан... Ш.Маржанидың «Аһли ғылым ай басында» деген тамаша сөзі бар. Абайдың «ғашарани уа мубашарани» деп келетін қағидасы Ш.Маржанида айтылған. Ш.Маржани өнерді, музыканы жарататын адам болған», – деп көрсетеді (Машанов, 1994: 85-89).

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу. Ақын, ойшыл ұлы ұстаз-Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандылығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады. Еңбекті Абай басқа да қазақ ағартушылары сияқты байлықтың, молшылықтың көзі деп санады. Жастарды еңбекке шақырды. Абай – Семей өңіріндегі алғашқы мәдени-ағарту ошақтарының ұйымдастырылуына ұйытқы бола жүріп, сол кездегі білім беру жүйесінің көптеген мәселелерімен танысты, педагогиканың қыр-сырына қанықты. Әсіресе, екі қоғамдық ұйымның жергілікті кітапханалар мен музейлерді жабдықтауға араластырылуы, оған сай көптеген ғылыми басылымадар мен құнды деректердің жинақталуы көп септігін тигізді. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, досытық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе жеткізді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұғырдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған. Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарастарының алтын дінгегі – адам тәрбиесі, содан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Қазақ халқының болашағы оның өз бетінше ел

болуына, саяси бостандығына қол жеткізуіне, экономикалық және мәдени кешеуілдеуден шығыуына, қараңғылық пен кедейшіліктен құтылуына апаратын бірден-бір жол – бүкіл елдің сауатын ашу, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, өнер мен еңбекке баулу деп анық айтты. Ақыл-ойдың, сауаттылықтың дамуы үшін дүниеге шын көзбен қарап, нақтылы сезінудің қажеттілігін барынша қорғап бақты (Сейталиев, 2008: 335). Абай шығармашылығынан ерекше орын алатын ендігі бір үлкен тақырып – оның ағартушылық идеясы. Абай өнер, білім, тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл аударып, жанын сала үндеген ұлы ағартушы ақын. Абай еңбектің мәнін ашып, еңбек тәрбиесінің маңызын көтере білген ұстаз. Абайдың рөлі – қазақ жәдидшілігінің рухани тірегі. Абай Семей өңірінде ағартушылық ошақтарын ашуға ұйытқы болды. Абайдың еңбектері жәдидшіл зиялыларға рухани бағдар болды. Абайдың «адам тәрбиесі – халық тәрбиесі» деген тұжырымы жәдидшілдіктің қоғамдық жаңару, рухани ояну мақсатын айқындайды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап шыққан қазақтың ұлы ағартушы, ғалым, философтары ұлт мәдениетінің дамуына үлесін қосты. Солардың қатарында Шоқан Уәлихановтың оқу-ағарту қажеттілігі туралы ойы, ғылым халықты дамытатынын, олардың оқу-тәрбиедегі маңызды жолы ұрпақ тәрбиесінің бастауы екенін дәлелдеуі, оның прогрессивтік көзқарастарының ерекшеліктерін көрсете отырып, Қазақстандағы қоғамдық ойдың дамуына айтарлықтай әсер ететінін дәлелдейді. Ыбырай Алтынсарин арман етіп, ұзақ күткен мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Мектептің ашылуын мәдениет пен білімге зәру болған халық той-думанмен қуана қарсы алды. «Осы жылы қаңтар айының 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы балалар. Міне, балаларды оқытуға, қойға шапқан қасқырдай, өте қызу кірістім, бұл балалар да менің айызымды қандырып, не бары үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...», – деп қуана жазды ұлы ағартушы (Әбиев, 2006: 315). Ыбырай Алтынсаринның Қазақ даласында алғашқы жаңаша оқытуды жолға қойып, мектеп ашып, бала оқытып, ағартушылықпен халықты оятуға көп күш салғанын біле аламыз. Ыбырай «кел, балалар, оқылық» деген өлеңі арқылы жастарды ғылым мен білімге шақырып, ағартушылық миссияны өз мойнына алды. Бұл – жәдидшілдердің көзқарасына сай, білім – ұлтты алға жетелейтін күш деген идеямен үндес. Оның дәстүрлі медреселік оқуға қарсы емес, бірақ, жаңаша оқыту жүйесін енгізуі, діни емес, заманауи пәндерге негізделген, заман талабына сай түрлендіруді көздегенін білдіреді. Жаңа үлгідегі мектептер ашуы – жәдидтік білім жүйесінің басты қағидаларының бірі саналады.

Қазақ ағартушылығын, әсіресе оның XX ғасырдың басына тән кезеңін, еуропалық және орыстық ағартушылыққа еліктеуден туған құбылыс ретінде қарастыру оның табиғатын тура түсіне алмаушылыққа ұрындырар еді. Осы ретте қазақ ағартушылығына тиеселі оның мынандай ерекшеліктерін ескерген жөн. Қазақ топырағындағы ағартушылық идеясы ескі феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге үндеді. Ұлт-азаттық үшін күрес басшылары бұл негізгі мақсатқа жетудің жолы қазақты ұлт ретінде біржола қалыптастырып, оның ұлттық мемлекеттілігін жаңғырту арқылы жүретіндігін жақсы түсінді. Басқаша айтқанда қазақ ағартушылығының идеясы – қазақ ақын, жазушы, философ ғалымдарының шығармашылық ізденісі арқылы жалпы ұлттық жобаға айналды. Қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі XX ғасырдың алғашқы ширегінде, яғни Алаш арыстарының қызыметіне тұспа-тұс келді. Жалпы ұлттық «Айқап» журналының (1911–1915), «Қазақ» газетінің (1913–1918), екі миллионға жуық тиражбен басылған (революциялық өзгерістерге дейін) қазақ кітаптарының жарық көруі және атқарылған істер осы тұжырымға негіз бола алады. Ал, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсаринның және Абай Құнанбайұлының ағартушылық ісіндегі орнына келсек, онда олардың қызметі қазақ топырағындағы ағартушылықтың алғашқы қадамы ретінде бағалануға болады (Қойгелдиев, 2014: 235-236). Бұл ағартушылық қазақ халқының ұлттық

санасын оятып, білім мен ғылым арқылы ұлттық мемлекет құру идеясын алға тартты. Алаш зиялыларының қызметі мен сол кезеңдегі басылымдар (мысалы, «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті) осы идеяны жүзеге асыруға үлкен үлес қосты. Ал Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы – қазақ ағартушылығының негізін қалаушылар болып есептелінеді.

Халықтың санасын білім мен ғылым арқылы ашу қазақ зиялыларының басты арманы болған. Өйткені білім – адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін оны ойлау операциясы – талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп, өз білімін шындыққа айналдырады. Бұл дамытып оқытудың негізгі ережесі, яғни оқушылардың таным іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйрету. Ахмет Байтұрсынұлы 1907–1917 жылдар арасында Орынборға жер аударылып сонда тұрған жылдарында ғылым, білімге бұрынғыдан да терең үніліп, қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі мен әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрелі ойлар айтып, бастауыш мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиетін, эпос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру ісімен айналысады, ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. 1913–1918 жылдар арасында бейресми газет «Қазақ» газетінің редакторы болып жұмыс істеген мезгілінде халықты оқуға, білімге, өнерге, бостандыққа, теңдікке шақырған ойларын газет бетіне ашық жариялаған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың оқу-ағарту саласында көп еңбек еткені кейінгілерге өнеге болды, оның қазақ баспасөз беттерін ашуы, халықтың ғылым-білімге деген құштарлығын арттырып, санасын оятты, көкейіне сәуле шашты. Ғылымсыз білім сыңаржақ, ғылым білімді ұлғайтады, ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол – тәрбие. Сонымен, білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды тәрбиеге байланысты екен. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да, оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды (Әбиев, 2006: 399). Жәдидшілдік қозғалысы түркі-мұсылман халықтарын жаңа білімге, заманауи оқыту әдістеріне көшіруге бағытталған ағартушылық қозғалыс еді. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектері арқылы айқын көрініс табады.

«Қараңғы қазақ елінің көгіне, өрмелеп шығып күн болуды» көксеген ағартушы-педагог Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) артында педагогикалық ой-пікірдің өшпес мұрасын қалдырды. Өзінің қысқа өмірінде қоғамдағы әділетсіздікті, теңсіздікті көре біліп, бұларды оқу-ағарту, тәлім-тәрбие ісімен жөндеуге болады деп насихаттап, ағартушы-демократ деңгейіне көтерілді. Сұлтанмахмұт халықты, жастарды дүниетану оқуына, өнеркәсіп үйренуге, мәдениетке жетуге, өнерлі, прогресшіл елдерден үлгі алуға, ілгері өрлеуге, басқа елдермен теңесуге шақырды. Өмірді өзгертуші, адам мінезін қалыптастырушы ұлы күш саналы тәрбие деп түйіндейді. «Ары тазаның жаны таза» деген қорытындыға келеді Қазақтың мерзімді баспасөзінің сонау 1870 жылы Ташкент шаһарында алғаш рет жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті» мен Омбы қаласында дүниеге келген «Дала уалаятының газетінен» басталып, бүгінгі күнгі «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Қазақстан коммунисті» журналы бастаған жүздеген мерзімді басылымдарға дейінгі үлкен тарихы бар. Ұлт оқу-ағартуының қалыптасуы сол ұлттың тарихымен тығыз байланысты.

Қазақстан Кеңес одағының құрамына енгеннен кейін жергілікті халық патша үкіметінің әкімшілік, әлеуметтік және білім беру жүйесіне тартылды. Бұл жәдидтік идеялардың таралуына қолайлы орта қалыптастырды. XX ғасырдың алғашқы жартысында Алаш арыстары және ұлт зиялылары елдегі оқу-ағарту саласына баса мән беріп, білім беру жүйесін жаңаша бағытқа бұрғанын, қордаланған мәселелерді дер кезінде көтеріп отырғанын байқауға

болады. Мысалы, 1924 жылы Орынбордан баспадан шыққан мына еңбекте: «Мектеп құрушылар заманның рухына бағынып, жалпы мағлұмат беретін мектептер мен қатар жүзелік, шеберлік, әдістік шаруашылық, кен қазушылық, суретшілік, дәрігерлік, кәсіпшілік мектептерін аша бастады. Ол мектептерде шәкірттер көбінде табиғат және затпен айналысады. Әртүрлі іске үйренеді. Ол мектептерде ескі зарлауықтық жойылды. Жаңа мектептер түзелуге басты бөгет – ескі мектеп оқытушыларының ескі ырымшылдығы, алдымен осы ырымшылдықтарын көрсету керек. Ескі ырымшылдың біріншісі «сабақ» аңғартылмақ мазмұны мен сөз қазығымен есептеспей, бұрынғы оқытушылар сабақты сағаттың тілімен өлшейтін ырымшылдығы бар. Олардың санасына әбден сіңген.

Енді шәкірттің жауабына келсек, терең мағыналы нәрсе жайынан мүдірместен мүлтіксіз, шұбыртпалы жауап, тотының тақылдағанындай, кенеусіз болатынын тәрбиешілер жақсы білсе керек. Кітап сөзімен балаға сұрау қою мұғалімнің әдеті ғой. Кейде кітаптың айтуынша емес, жай дұрыс қойылған сұрауға сәтті жауап алғанда таң қаласың. Егер бала бірнәрсені бүтін қалпында біле алмай, үзіп-жұлып, бұтарлап ұғынатын болса, оған бала кіналы емес, сабақ жүйесі жазықты. Біздің мектебімізде тарих да, жағрафия да, жаратылыстық та жоқ. Тарихтан, жағрафиядан және тағы басқа пәндерден жеке сабақтар ғана бар. Ескі молдалар балаға біреу үйретпесе, өздігінен бірнәрсені үйренеді деп әсте нанбайды» (Аймауытұлы, 1924: 125-129). Кеңес үкіметі жаңадан орнаған тұста Қазақстанда жәдидтік қозғалыс пен ағартушылық бағыт күшейіп, қазақ зиялылары білім беру ісіне ерекше назар аударды. Ұлт зиялылары баспасөз беттерінде дәстүрлі, ескі оқыту тәсілдерінің бала дамуына кері әсерін ашық сынап, жаңа заман талабына сай мектептер ашу, білім беру әдістерін жетілдіру қажеттілігін айтады. Сонымен бірге, білім беруде тұлғалық ерекшеліктерді ескеріп, тәжірибеге негізделген оқыту жүйесін қалыптастыруды ұсынған. Осы арқылы қазақ қоғамында білім беру ісінің жаңа бағыты – ұлттық негіздегі заманауи әдістерге сүйенген педагогика қалыптасып, ескі діни-формалды жүйеден арылу үрдісінің басталғаны байқалады

Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған жәдидшілдік қозғалыс – Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының мәдени, рухани және ұлттық жаңғыруға бағытталған ірі тарихи үрдісі болды. Бұл қозғалыс тек оқу-ағарту саласындағы реформалармен шектеліп қоймай, халықты надандықтан арылту, ұлттық сана-сезімді ояту және заман талабына сай біліммен қаруландыруды мақсат етті. Ел ішінде жәдидтік мектептердің пайда болуы, баспасөздің дамуы, ана тіліндегі білім беруге басымдық берілуі – осы қозғалыстың басты жетістіктері саналады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей құрамындағы түркі-мұсылман халықтары жәдидтік ағартудың жаңаша бағыттары негізінде еуропалық білім берудің әдістеріне қарай ойысты. Бұл – ескіше білім беру әдістеріне түбегейлі өзгерістер әкелді. Қазақ даласындағы жәдидшілдік идеялары ұлт зиялыларының қызметінде көрініс тауып, қазақ жәдидшілдігіне ерекше серпін берген – Алаш қозғалысының қайраткерлері: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғалардың еңбектері арқылы кеңінен таралды. Олар қазақ тілінде жаңа үлгідегі оқулықтар жазып, баспасөз құралдары (Қазақ газеті) арқылы халықты ағартуға күш салды. Бұл кезеңде қазақ халқының рухани серпілісі, ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы мен дербес мемлекет құру идеясы жәдидтік ағартушылықпен тікелей байланысты болды. Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ағартушылардың еңбектері де осы ағыммен үндесіп, халыққа білімнің жарығын шашуға жол ашты.

Қорыта айтқанда, жәдидшілдік – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының отарлық езгіден шығуына, ұлттық санасын жаңғыртуына, білім мен ғылым арқылы болашағын айқындауына үлкен серпін берген тарихи-мәдени құбылыс. Қазақстанда жәдидшілдік арқылы білім беру саласында реформа жасалып, ескі діни мектептердің орнына

«усули-жадид» (жаңа әдіс) бойынша сабақ беретін мектептер ашылды. Баспасөз дамып, қазақ тілінде білім берумен қатар газет-журналдар шыға бастады. Сонымен бірге әлеуметтік теңсіздіктерге тосқауыл қойылып, әйелдердің де білім алуына жағдай жасалды. Сол арқылы қазақ зиялыларының жаңа буыны қалыптасып, ұлттық қозғалыс пен тәуелсіздік идеялары нығая түсті. Алайда, Кеңес үкіметі жәдидшілдерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп танып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Бүгінде осы қозғалыстың тәжірибесі мен идеялары тәуелсіздік жағдайындағы ұлттық жаңғыру үдерісіне үлгі бола алады.

Әдебиеттер:

Гаспринский, 1993 – *Гаспринский И.* Россия и Восток. Казань: Фонд Жиен, Татарское книжное издательство, 1993. С. 132.

История Татарской АССР..., 1955 – История Татарской АССР (с древнейших времен до Великой Октябрьской социалистической революции). Т.1. Казань: Таткнигоиздат, 1955. 720 с.

Байтұрсынұлы, 1992 – *Байтұрсынұлы А.* Тіл тағлымы. Алматы: Ана тілі, 1992. 448 б.

Машанов, 1994 – *Машанов А.* Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.

Сейталиев, 2008 – *Сейталиев Қ.* Педагогика тарихы. Алматы: Білім, 2008. 416 б.

Әбиев, 2006 – *Әбиев Ж.* Педагогика тарихы. Алматы: Дарын, 2006. 480 б.

Қойгелдиев, 2014 – *Қойгелдиев М.* Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). Алматы: Дәстүр, 2014. 432 б.

Аймауытұлы, 1924 – *Аймауытұлы Ж.* Тәрбиеге жетекші. Орынбор: Қазақстанның мемлекет баспасөзі, 1924. 186 б.

References:

Gasprinskii, 1993 – *Gasprinskii I.* Russia i Vostok. Kazan: Fond Jien, Tatarskoe knijnoe izdatelstov, 1993. 132 s. (in Rus).

Istoriya Tatarskoi ASSR..., 1955 – Istoriya Tatarskoi ASSR (s drevneishih vremendo Velikoi Oktiabrskoi sotsialisticheskoi revoliussii). T.1. Kazan: Tatknigoizdat, 1955. 720 s. (in Rus).

Baitursynluy, 1992 – *Baitursynluy A.* Til taglymy. Almaty: Ana tili, 1992. 448 b. (in Kaz).

Mashanov, 1994 – *Mashanov A.* Al-Farabi zhane Abai. Almaty: Qazaqstan, 1994. 192 b. (in Kaz).

Seitaliev, 2008 – *Seitaliev Q.* Pedagogika tarihy. Almaty: Bilim, 2008. 416 b. (in Kaz).

Abiev, 2006 – *Abiev Zh.* Pedagogika tarihy. Almaty: Daryn, 2006. 480 b. (in Kaz).

Qoigeldiev, 2014 – *Qoigeldiev M.* Qazaq eli: ulttyq biregeilikti saqtau zholyndagy kures (XIX g.- XXI g. basy). Almaty: Dastur, 2014. 432 b. (in Kaz).

Aimaulytuly, 1924 – *Aimaulytuly Zh.* Tarbiege zhetekshi. Orynbor: Qazaqstannynng memleket baspasoz, 1924. 186 b. (in Kaz).

¹Жомарт Е. ²Азмуханова А.М.

¹Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Қазақстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹ silas.kaz.3@mail.ru , ² aimanazmukhanova@gmail.ru

ДЖАДИДИСТСКОЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И НАЦИОНАЛЬНАЯ МИССИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируются сущность, цели и влияние джадидистского движения, возникшего в конце XIX – начале XX века среди мусульманских тюркских народов, входивших в состав Российской империи, а также его влияние в Казахстане. Джадидизм рассматривается как религиозно-культурное, политико-

просветительское движение, целью которого было обновление традиционного исламского образования в соответствии с требованиями времени, пробуждение национального самосознания через развитие науки и просвещения. Основная цель работы – всесторонне проанализировать историческое значение джадидистского движения, его особенности распространения на казахской земле, развитие через деятельность алашской интеллигенции, роль в просветительстве и духовное сопротивление колониальной политике. Методы исследования – историко-социальный и культурологический анализ. Междисциплинарные связи: синтез с педагогикой, философией, политологией и литературоведением. Сравнительный анализ: опора на исследования учёных из Казахстана, России, Турции, Европы и США. Архивный и источниковедческий подход: анализ трудов джадидистов, материалов прессы («Айқап», «Қазақ»), а также ограничений советского периода.

Новизна исследования заключается в разделении распространения джадидизма на казахской земле на два периода (1890–1911 и 1911–1920 гг.). Явно показана преемственность духовно-педагогических идей Абая и джадидизма. Доказано, что казахское просветительство базировалось не только на европейских образцах, но и на национальной самобытности, раскрыта гармония ислама и модернизации. Просветительская деятельность Ахмета Байтурсынулы рассматривается как параллель джадидизму. В задачи исследования входит: раскрытие причин возникновения джадидизма; описание просветительской деятельности и идей Исмаила Гаспринского; определение этапов распространения джадидистского движения в казахской степи; выявление роли деятелей движения Алаш в развитии джадидизма; анализ особенностей джадидских школ и их значения в просвещении; исследование взаимосвязи казахского просвещения и колониальной политики; сопоставление трудов казахских просветителей (Абая, Ыбрая, Шокана) с идеями джадидизма. В результате исследования установлено, что джадидизм стал основой духовного возрождения тюркских народов. Движение представляло собой форму сопротивления колониальной политике через образование и просвещение. Казахский джадидизм признан движением, приведшим к национальному возрождению через алашскую интеллигенцию. Показана духовная связь таких просветителей, как Абай, Ыбрай, Шоқан с джадидистскими идеями. Также продемонстрировано влияние джадидских школ и методов на современные образовательные концепции.

Ключевые слова: Казах, алашские львы, образование, джадидизм, школа, медресе, образование.

¹Zhomart E. ²Azmukhanova A.M.

¹ R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹ silas.kaz.3@mail.ru , ² aimanazmukhanova@gmail.ru

THE JADID ENLIGHTENMENT MOVEMENT AND THE NATIONAL MISSION OF KAZAKH INTELLECTUALS

Abstract. This article comprehensively analyzes the essence, goals and influence of the Jadid movement that emerged among the Muslim Turkic peoples of the Russian Empire in the late 19th and early 20th centuries, and its influence in Kazakhstan. Jadidism is described as a religious, cultural, political and educational movement that aimed to update traditional Islamic education in accordance with modern requirements and awaken national consciousness through the development of science and education. The main goal of the work is to comprehensively analyze the historical significance of the Jadid movement that emerged among the Turkic-Muslim peoples of the Russian Empire in the late 19th and early 20th centuries, the features of its spread to the Kazakh lands, its development through the Alash intelligentsia, its role in the Enlightenment, and the nature of

spiritual resistance to colonial policy. Research methods are historical, social and cultural analysis methods. Interdisciplinary connection: combination with the fields of pedagogy, philosophy, political science, and literary studies. Comparative analysis: based on the research of various scientists (Kazakhstan, Russia, Turkey, Europe, USA). Archival and documentary methods: analysis of the writings of the Jedidists, press materials (Aykap, Kazakh), restrictions in the Soviet era. The novelty of the study is the division of the spread of the Jedidist movement on Kazakh soil into two periods (1890–1911, 1911–1920). The continuity of Abai's spiritual and pedagogical ideas with Jedidism is clearly shown. It is proved that the Kazakh enlightenment originated not only from European models, but also from the national identity, and the harmony of Islam and modernization is reflected. The educational and educational activity of Akhmet Baitursynuly is considered as a parallel to Jedidism. The tasks include revealing the reasons for the historical emergence of Jedidism; describing the educational activity and ideas of Ismail Gasprinsky; identifying the stages of the spread of the Jedidist movement in the Kazakh steppe; showing the role of Alash figures in the development of this movement; Analysis of the features of Jadid schools and their significance in education; Disclosure of the relationship between the Kazakh education and colonial policy; Connection of the works of Kazakh enlighteners (Abay, Ibrai, Shokan) with Jadidism. The results of the study proved that Jadidism is the basis of the spiritual revival of the Turkic peoples. It was determined that this movement was a resistance to colonial policy through education and enlightenment. Kazakh Jadidism was recognized as a movement that led to national revival through the Alash intellectuals. The spiritual harmony of such enlighteners as Abay, Ibrai, Shokan with Jadidism ideas was shown. The influence of Jadid schools and methods on modern educational ideas was shown.

Key words: Kazakh, Alash lions, education, Jadidism, school, madrasah, education.

Авторлар туралы мәлімет:

Жомарт Ертай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, 1-курс докторанты және Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Алматы, Қазақстан

Азмұханова Айман Махсотовна, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 К. Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сәтбаев көш

Информация об авторах:

Жомарт Ертай, докторант 1 курса Казахского национального университета имени Аль-Фараби, факультет востоковедения и научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, магистр гуманитарных наук, Алматы, Казахстан

Азмуханова Айман Махсотовна, кандидат исторических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Author information:

Zhomart Ertai, 1st year doctoral student, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University and a researcher of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Master of Humanities, Almaty, Kazakhstan

Azmukhanova Aiman Makhsovovna, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan